

## **Қарасай ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерін бекіту туралы**

Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 11 қарашадағы № 27-3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 14 қарашада № 30507 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарна төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы № 787 қаулысына сәйкес, Қарасай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшері 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда – болу құнының 0(нөл) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарасай аудандық мәслихатының хатшысы*

*Б. Айнабеков*